

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Бизнеске жаңа қадам



Орындаған: Заманова.З.А,
Ерболекова.А.М.
Жоба жетекшісі: Бержанова.Р.Ж.

Жобаның маңыздылығы

- ◎ Қазіргі таңда нан өнімін өндіру түрлі бағытта дамып келеді. Бұл салада шикізат өндірушілер , өнімді дайындаушылар және тасымалдаушылар еңбек етеді. Жоба маңыздылығы әртүрлі мамандарды біріктіре отырып сатылымда бәсекеге қабілетті, тұтынушы көңілінен шығатын өнім ұсыну.

Жалпы ой

- ◎ Бүгінгі күнде ҚазҰУ қалашығында бірнеше қызмет көрсету орталықтары жұмыс жасауда. Айта кететін болсақ, «Кереметтегі» кинотеатр, құрал-жабдық және азық - түлік дүкендері, асханалар т.б. Күнделікті сұранысқа ие нан өнімдері дүкендерге қалашық сыртынан тасымалданады. Егер «**KAZNU-food**» шағын кәсіпорын ашылатын болса, сапалы да сенімді, студенттерге тиімді бағадағы нан өнімдері өндіріледі және де ыстық пештен шыққан сапалы өнім бәсекелестікке қабілетті.

Жобаны жүзеге асыру формалары мен механизмдері

- ◎ Алғашқы қадам биология және биотехнология факультеттерінің студенттерін нанмен қамтамасыз етумен басталмақ. № 7 жатақханада барлығы 118 бөлмеде студенттер тұрады. Әр бөлме ең аз дегенде күніне 1 бөлке нан сатып алады. Болашақта бизнес алға басып жатса, барлық жатаханаларды нан өнімдерімен қамтамасыз ету жоспарымызда бар.

Бизнеске қадам

| Шикізат | Мөлшері | Бөлме бойынша | Жалпы мөлшері | Ақшасы, тг |
|---------|---------|---------------|---------------|------------|
| Ұн | 0,4 кг | 118 | 47,2=> 47 | 4200 |
| Тұз | 1 чай.л | | 120 г | 120 |
| Су | 0,25 л | | 29,5 л | 295 |
| Ашытқы | 1 чай.л | | 120 г | 400 |

Жалпы ақшасы: 5015

Әрбі нанды 75 тг сатсақ, сонда
 $118 * 75 = 8850$ тг
 $8850 - 5015 = 3835$ тг
3835 тг бізде бір күндегі табыс көзі.
 $3835 * 30 = 115050$ бір айдағы табыс.

Жобаның инновациялылығы:

- ❖ Студенттерді нан өнімімен қамтамасыз ету;
- ❖ Студенттерге өз қаражатын үнемдеуге көмектесу;
- ❖ Жас бизнесмендерді тәрбиелеу;
- ❖ Тұрақты тұтынушыларды жинай отырып, өзге де нан өнімдерін өндіруді бастау;

Жобаның мақсаты:

- ◎ Осы жоба барысында күнделікті нан өнімдерін өндіре отырып, жаңа табыс көздеріне жету.
- ◎ Жобаның жұмыс барысында үлкен табысқа жетуін қадағалай отырып, жеке шағын кәсіпорын ашу.

Жобаның міндеттері:

- ❖ Жобаның жүзеге асуына атсалысатын топ құру;
- ❖ Алғашқы қадамдарды жасауға арнайы орын табу;
- ❖ Өндіріске қажет техникалар мен құрал-жабдықтарға қол жеткізу;
- ❖ Аз мөлшерде нан өнімдерін шығарып, өнімділігі мен өтімділігін байқау;
- ❖ Шағын кәсіпорын ашуға қажет құжаттарды реттеп, куәландыру;
- ❖ «**KAZNU-food**» кәсіпорын ашу;

Алғашқы өнімді шығаруға қажетті шикізаттар:

- ◆ Ұн
- ◆ Су
- ◆ Тұз
- ◆ Ашытқы

Алғашқы өнімдерді шығаруда қарапайым шикізаттарды пайдаланып, дами келе басқа да шикізаттарды қолдана отырып, өзге нан өнімін шығару.

Күтілетін нәтиже

- ◎ Тұтынушының назарын аударатын өнімнің сыртқы пішіні мен басқа да тәбетінді ашатын белгілерінің болуы. Біздің өнімнің ерекше тұстары: қолма-қол ыстық өнім, салыстырмалы түрде арзан баға. Дамыта келе түрлі себінділер мен дәмдеуіштер қосылған өнім түрлерін шығару. Дәмімен қоса сырт көрінісімен айналасына сатып алушыларды топтастыратын өнімге бастама ашу.

Жобаны жүзеге асыру мерзімі

- ◎ Межеленген уақыт бойынша 2017 жылдың желтоқсан айында жобаны іске асырып бастау. Әр күні сабақтан тыс уақытта арнайы топ мүшелерімен кезектесіп жұмыс барысын қадағалау.

Қорытынды

- Шағын кәсіпорын ашу ай сайынғы кіріс мөлшері орташа болып келетін қарапайым бизнес. Дегенмен бұл үлкен бизнеске бастама. Нан – тұрақты қолданыстағы, өтімділігі жоғары өнім. Нан өндіретін мамандарды дайындай отырып, қаражатпен қамтамасыз ету. Даму барысында барлық жатақханаларды нанмен қамтамасыз етуді қолға алу.